

Дәріс № 7. Халықаралық қауіпсіздік мәселелері: танымы, ұғымдар.

Дәріс жоспары:

1. Қауіпсіздік ұғымының мазмұны
2. Ұлттық қауіпсіздік халықаралық қауіпсіздіктің басты құрамдас бөлімі
3. Халықаралық қауіпсіздіктің сарапталу негіздері мен мәселелері.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясатта қауіпсіздік ұғымының танымын жасай алады. Соғыс пен бейбітшіліктің себептері туралы өз пікірін айта алады. Халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты айтылған теорияларды бір-бірімен салыстыра алады. Халықаралық қауіпсіздіктің реферанс элементтерін сыныптандыра алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, қауіпсіздік, соғыс, бейбітшілік, геополитика, геостратегия, қауіпсіздік диалектасы, толық анархия, мини анархия, қауіпсіздендіру, қауіпсіз-тыстау секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді. "Халықаралық қауіпсіздік" курсының мақсаты - қауіпсіздік құбылысын оның тұжырымдамалық, тарихи және теориялық аспектілерінде талдау және осы тұрғыда қазіргі заманғы тәсілдер мен практикамен қауіпсіздік саласындағы трансформацияны анықтау. Бұл студенттерге қауіпсіздіктің дәстүрлі және заманауи тәсілдерін өзара талдауға көмектеседі.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні:

Қауіпсіздік: танымы мен ұғымдар

Адамзаттың тарих бойынша ең маңызды қалауы болған бейбітшілікке жету жолындағы талпыныстар мен академиялық зерттеулер қауіпсіздік аясында қолға алынады. Тамақтану және ұрпақты көбейтумен қатар, адамның ең негізгі инстинкті болып табылатын қауіпсіздікті, тіршілік ету және ұрпағын өрбітумен байланыстыруға болады. Адамдардың үй салып, жарақатсыз аң аулауға мүмкіндік беретін қару-жарақтарды жетілдіруі, қауымдасып өмір сүре бастауы қауіпсіздік қажеттілігінен туындаған.

Қауіпсіздік ұғымы мен бейбітшілік ұғымының арасында да тығыз байланыс бар. Қауіпсіздік ұғымын академиялық қолданыста алғаш рет Цицерон мен Лукреций біздің эрамыздың бірінші ғасырында Pax Romana-ны сипаттау үшін қолданған. Рим империясының бүкіл ежелгі әлемге белгілі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің арқасында Pax Romana пайда болды. Осы мақсатта елдің түкпір-түкпірінде Via Egnatia сияқты тас жолдар төселіп, әскери гарнизондар құрылды. XVII ғасырға дейін қауіпсіздік ұғымы мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігімен емес, ел мен адамзат қауымына (ру, тайпа, халық, т.б.) төнетін қауіп-қатермен байланысты болса, заманауи мемлекеттің дүниеге келуімен, қауіпсіздіктің эталондық объектісі мемлекет бола бастады. Мемлекетті қауіпсіздіктің эталондық объектісі ретінде қарастырған ұстаным ұлттық қауіпсіздік ретінде сипатталды.

Бұл ұстаным қырғи-қабақ соғыс аяқталған 1990 жылдардан кейін өзгере бастайды. Жеке тұлғаның, қауымның және тіпті жыныстың қауіпсіздіктің эталондық объектісі бола бастағанын байқауға болады.

Осы тұста қауіпсіздікке қатысты анықтамаларға назар аудару қажет. Жалпы анықтама ретінде қауіпсіздікті қауіптің, тәуекелдің, тәртіпсіздіктің және қорқыныштың болмауы ретінде сипаттауға болады (Brauch, 2008: 2-3). Қауіпсіздік осы қауіптердің бар немесе жоқтығын ғана емес, сонымен бірге оларды жою шараларын да қамтуы керек. Шындығында, Sönmezoglu қауіпсіздікті Отанды қорғауды қажет етпейтін шаралар қабылдау деп сипаттайды. Осы тұрғыда қауіпсіздік, қауіптерден қорғану мүмкіндігін беретін қорғаныс жүйелерінің болуын білдіреді және/немесе ең болмағанда, объект үшін қауіп, тәртіпсіздік және қорқыныш жағдайын тудыруы мүмкін құралдарды пайдалануда тежеуші әсерді тудырады. Ал объект ретінде адамның өмірі, мал-мүлкі немесе тұтас денесі бола алатыны секілді бір қауым, мемлекет, аймақ немесе бүкіл планета болуы мүмкін. Осы себепті біз қауіпсіздікті Ole Waever-дің айтқанындай құнды эталондық объектіге бағытталған экзистенциалды қауіппен күресу үшін әзірленген төтенше және арнайы шаралар ретінде сипаттауға болады.

Қауіпсіздік пен қатер ұғымдары арасындағы байланысты түсіндіріңіз?

Бұдан бұрын айтылғандай, Вестфалия келісімімен ұлттық мемлекеттер құрылды және ең болмағанда Еуропа құрылығында, тиімді түрде қорғалатын ел шекаралары пайда болды. Осы қорғалатын шекаралар шегінде пайда болған мемлекет қауіпсіздік ұғымы үшін ең маңызды анықтамалық объектіге айналды. Осы күннен бастап ұлттық қауіпсіздік ұғымы қауіпсіздіктің басқа

түрлеріне қарағанда жиі айтыла бастады деп айта аламыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шекаралары қорғалатын мемлекеттер үшін ең негізгі саясат болғандықтан, өздерінің мәңгілігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік шараларын қабылдауды маңызды саясаттарының біріне айналдырды. Мемлекеттер өздерінің мәңгілігін қамтамасыз ету үшін шекараларын нығайтты, тұрақты әскерлер құра бастады және қару-жарақ технологияларына айтарлықтай инвестиция құя бастады. Осы қару-жарақ, өзіне шабуыл жасаған кезде өзін-өзі қорғай алатын әскери әлеуетінің бар екенін, сонымен қатар қандай да бір мемлекеттің өзіне шабуыл жасауға батылы бармайтын тежеу қызметін атқарады.

Соғыс

Соғыс ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Соғыс этникалық, діни және идеологиялық себептерге байланысты басталуы мүмкін. Сонымен қатар, белгілі бір территория немесе табиғи ресурсты бөлісе алмау салдарынан да болуы мүмкін. Реалистердің, соғысты мемлекет үшін болмай қоймайтын нәрсе деген көзқарастарына қарамастан, либералдық теориялар соғыссыз халықаралық жүйенің болуы мүмкін дейді. Грөцийдың мектебін ұстанатын ойшылдар БҰҰ-ның басшылығында негізгі акторлары мемлекеттер болған соғыссыз жүйе болуы мүмкін екенін айтады.

Соғыс туралы академиялық зерттеулердің алғашқы үлгісі ретінде Қытай генералы Сунцзыдың б.з.д. V ғасырда жазған «Соғыс өнері» кітабын айтуға болады. Сунцзыдан кейін соғыстың қажеттілігі, оның тактикасы немесе одан сақтану жолдары талқыланатын соғыс тақырыбына мыңдаған еңбектер жазылды. Дегенмен, қазіргі заманда соғыс туралы жазылған ең ауқымды әрі әсерлі еңбек – Пруссия генералы Карл фон Клаузевицтің «Соғыс туралы» кітабы. Клаузевиц соғысты саясаттың табиғи жалғасы ретінде қарастырып, барлық саяси әсерлерден азат және шексіз зорлық-зомбылық қолдануға болатын «абсолют соғыстың» нағыз соғыс екенін айтқан. Ал генерал Эрих Людендорф 1935 жылы жазған «Жалпы соғыс» деп аталатын еңбегінде халық қолда бар бүкіл құралдарды жұмылдыру арқылы жаудың барлық әскери әлеуетін жоюға тырысатын соғысты нағыз соғыс деп сипаттаған. Жалпы соғыста барлық азаматтар қатардағы сарбаздар болып есептеледі. Мемлекеттің барлық өнеркәсіптік және ауылшаруашылық базасы соғысқа жұмылдырылды. Түркияның ұлт-азаттық соғысын жалпы соғысқа ең жақсы мысал ретінде беруге болады. АҚШ-тың орасан зор әскери күшіне қарсы Вьетнам халқының Хо Ши Миннің басшылығымен жүргізген Вьетнам соғысын жалпы соғысқа мысал ретінде келтіруге болады. Бұлардың тысында кәдімгі соғыс(конвенциональды соғыс), шектеулі соғыс, қырғи-қабақ соғыс, психологиялық соғыс, ядролық соғыс, биологиялық соғыс, химиялық соғыс, найзағай соғысы, кибер соғыс және асимметриялық соғыс сияқты көптеген соғыс түрлері әдебиеттерде кездеседі.

а. **Кәдімгі соғыс**(конвенциональды соғыс): Ядролық, биологиялық немесе химиялық қарулар қолданылмайтын соғыстар. Екі мемлекет арасында да, көптеген мемлекеттер арасында да болуы мүмкін соғыста тек мемлекеттердің әскерлері соғысады. Бұл соғыстың мақсаты – жауды жою, әлсірету немесе қарсылығын жою.

б. **Шектеулі соғыс**: бұл белгілі бір мақсатты жүзеге асыру, белгілі бір нысананы басып алу үшін ғана ұйымдастырылған соғыс. Шектеулі соғыста мемлекеттің барлық ресурстары емес, сол соғысқа қажетті ресурстар ғана жұмылдырылады.

в. **Қырғи қабақ соғыс**: Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған 1945 жылдан бастап КСРО ыдыраған 1991 жылы дейінгі аралықта ядролық жарыс, идеологиялық бақталастық және күш көрсетумен өткен соғыс. АҚШ және оның жетекшілігіндегі НАТО-ға топтасқан демократиялық мемлекеттер мен КСРО жетекшілігіндегі Варшава шартына кірген социалистік мемлекеттер арасындағы қырғи-қабақ соғыс нағыз соғысқа айналмай, бір полустың ыдырауымен аяқталды.

Д. **Психологиялық соғыс**: бұл соғыс барысында жаудың қарсылығын бұзу және халықтың өз мемлекетіне деген сенімін төмендету мақсатында әртүрлі құралдармен ұйымдастырылған жалған ақпараттандыру әрекеттері.

е. **Ядролық соғыс**: Ядролық қарумен жүргізілетін соғыс. Тарихтағы жалғыз ядролық шабуыл, Екінші дүниежүзілік соғысты аяқтаған Хиросима мен Нагасакидегі ядролық жарылыс болды. Осы ядролық жарылыстың қорқынышты салдарынан ядролық қаруға ие болу БҰҰ тарапынан шектелді. Ядролық қаруды иеленуге тек БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесінің ғана құзыреті бар.

ф. **Биологиялық соғыс**: Сібір жарасы, бруцелла, оба, туляремия және шешек сияқты микроорганизмдерді қару ретінде қолдану арқылы жүргізілген соғыс. Хеттер оба ауруын Мысырға

жіберіп, бұл аурудың Египетте таралуына жол берді. Шыңғыс хан обадан өлген адамдардың денесін катапультамен қоршауға алынған қамалдарға лақтырды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жапония әртүрлі микроорганизмдерді пайдалану арқылы Қытай мен Маньчжуриядағы әскери тұтқындарға ауру таратқан. Биологиялық қаруды қолдануға әртүрлі халықаралық келісімдермен тыйым салынған.

г. Химиялық соғыс: бұл өлімге әкелетін, жарақаттандыратын, тітіркендіргіш, тұтандырғыш, қатты, сұйық және газ тәрізді химиялық заттар арқылы жүргізілетін соғыс. Бұл соғыстарда зарин, қыша газы, хлор, цианид, қорғасын және LSD сияқты химиялық заттар қолданылады. Химиялық соғыстардың алдын алудың алғашқы ережелері мылтық оқтарында кездесетін қорғасынға тыйым салудан басталды. Франция мен Қасиетті Рим Германия империясы арасында 1675 жылы қол қойылған Страсбург келісінде қорғасынға бар оқтарды соғыста пайдалануға тыйым салынды. 1993 жылы 187 мемлекет мұндай қарулар мен заттарды қолдануға және өндіруге тыйым салатын Химиялық қару туралы конвенцияға қол қойды.

h. Найзағай соғысы: Бірінші дүниежүзілік соғыста пайда болған траншеялық соғыс логикасына қарсы Германияның Екінші дүниежүзілік соғыста жетілдірген соғыс доктринасы. Доктрина тез, кенет және күтпеген шабуылмен қарсыластың жақсы қорғаныс жүйесін дамытуға мүмкіндік бермеу логикасына негізделген.

i. Киберсоғыс: Әсіресе 1990 жылдардан кейін интернет технологиясының дамуына және дамыған мемлекеттердің электронды үкіметке айналуына байланысты интернет пен интранет жүйелеріне виртуалды шабуылдар айтарлықтай зиян келтіруде. Осылайша, мемлекеттің ресми сайттары істен шығып, әрі байланыс жүйелері зақым көруде. Киберсоғыстың тағы бір жағы – құпия хат алмасудың жария болуы. Швецияда орналасқан халықаралық Wikileaks ұйымының веб-сайты 2010 жылы 26 шілдеде АҚШ барлау қызметінен тараған 92 000 құпия құжатты жариялап, үлкен халықаралық дағдарысқа себеп болды.

j. Асимметриялық соғыс: Зорлық-зомбылық пен терроризм қолданылатын; жаппай қырып-жоятын қаруды кейде қолданып, кейде оны қолданамын деп қорқыту арқылы үлкен үрей туғызатын; бейкүнә тұрғындарды тірі қалқанға айналдырған немесе және жаппай өшуге мәжбүр еткен; есірткі, қару және адам саудасы есебінен қаржыландырылатын; ең маңыздысы - мемлекеттің қауіпсіздік органдарының террористік ұйымдармен немесе әскерилендірілген күштермен шайқасуға мәжбүр болған соғыстың түрі (Gürsoy, 1995: 166). Кәдімгі соғыстар екі армия арасында жүргізілетіндіктен симметриялы болып саналады, ал мұндай шабуылдар болса әскери емес бөлімшелер тарапынан жүргізетіндіктен асимметриялық болып саналады. Асимметриялық соғыстың басқа соғыс түрлеріне қарағанда адамгершілікке жатпайтын себебі, басқа соғыстар тұрақты әскерлер арасында жүргізілетіндіктен, дамып келе жатқан гуманитарлық құқықпен мүмкін болғанша барынша шектеу болса, асимметриялық соғыс ешқандай заң не болмаса моральдық нормаларды сақтамай жүреді.

Бейбітшілік

Бейбітшілік те соғыс сияқты халықаралық саясаттың негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Бейбітшілік адамзаттың ең көп қалаған әрі қол жеткізгісі келген ұлы арманы болып табылады. Сонымен қатар, оған жету үшін ең жоғары құн төленетін ұғым. Бейбітшілікке деген ұмтылыстың ең күшті кездері, әдетте, сенімсіздіктің ең жоғары деңгейге жеткен кезде болады. Ғасырлар бойы бейбітшілік туралы көптеген шығармалар жазылды. Солардың ішінде ең үлкен әсерлі шығарма И. Канттың 1795 жылы жазған

«Мәңгілік бейбітшілік туралы философиялық очерк» болып табылады. Кант бейбітшілікке ең алдымен моральдық қажеттілік ретінде сипаттама беріп, бейбітшілік тек заң арқылы ғана жүзеге асады деп тұжырымдайды. Алайда, республикалық режиммен бейбітшілікке жетуге болады деген Канттың пікірінше, республикалық режимде өмір сүретін халық өзін қорғаудан басқа ешбір себеппен соғысты құптамайды және өз үкіметін бітімгершілікке мәжбүрлейді. I және II дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлттар Лигасы мен БҰҰ-ның құрылуына Канттың осы ойлары қаншалықты әсер еткенін кітаптың алғашқы бөлімінде айтылған болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған қырғи-қабақ соғыс кезінде де бейбітшілік тақырыбына қатысты маңызды академиялық зерттеулер жүргізілді. Норвегиялық математик және әлеуметтанушы Йохан Галтунг 1959 жылы Осло бейбітшілік зерттеулер институтын (PRIO) құрды. Халықаралық бейбітшілікті орнату жолында жұмыс істейтін осы институттың құрамындағы

«Journal of Peace Research» деп аталатын журнал ұзақ жылдар бойы бейбітшілік туралы маңызды академиялық зерттеулер жариялап келеді. Галтунг өзінің «Құрылымдық қақтығыс теориясы» деп аталатын еңбегінде адам өмірі мен негізгі қажеттіліктеріне қатысты әрекеттердің барлық түрлерін қауіпсіздік ұғымының аясына алды.

Осылайша, түп негізі АҚШ-тық, мемлекетті басты назарға ұстаған қауіпсіздік ұстанымдарына кереғар түрде адамдарды, қоршаған ортаны, аймақты және бүкіл планетаны зерттеу арқылы бейбітшілікке қол жеткізуге болатындығына бағытталған жаңа көзқарас пайда болды. Галтунгтың пікірінше, бейбітшіліктің екі түрі бар: негатив бейбітшілік және позитив бейбітшілік. Негатив бейбітшілік соғыссыз жағдайды және соғыстың жоқтығын білдіреді. Іс жүзінде соғыспаған қоғамдар негатив бейбітшілікте. Позитивті бейбітшілік болса қоғамда бейбітшілікке қауіп төндіретін құрылымдық зорлық-зомбылықтың болмауы. Қарапайым тілмен айтқанда, қоғамда зорлық-зомбылық тудыратын жағдайлар болмаған жағдайда ғана позитив бейбітшілік жағдайы пайда болады. Бейбітшілік азық-түлікке қол жеткізуде қиындықтар туғызбаған, зорлық-зомбылыққа себеп болуы мүмкін құқықбұзушылық болмаған, тұрып жатқан жері денсаулыққа зиянды болмаған, күнделікті тіршілігіне табиғи апаттар өмірлік қауіп тудырмайтын жағдайларда болуы мүмкін.

Галтунгтың пікірі бойынша, бейбітшілік тек соғыспау дегенді білдірмейді. Позитивті бейбітшілік қоғамда зорлық-зомбылыққа апаратын факторлардың жоқтығын білдіреді.

Бейбітшілік тақырыбы бойынша жетілдірілген тағы бір маңызды ұстаным – «Демократиялық бейбітшілік теориясы» болып табылады. Майкл Доил тарапынан жетілдірілген теория Смол мен Сингердің «екі демократиялық мемлекет бір-бірімен соғыспайды» деген пайымдауына негізделген. Смол және Сингер XX ғасырдағы соғыстарды талдап, демократиялық елдер бір-бірімен соғыспайды деген қорытындыға келді. Осы тұрғыдан алғанда, демократияның бүкіл әлемге таралуы бейбітшіліктің де таралуына себеп болады. Экономикалық құрылымы еркін саудаға негізделген демократияда, сауда-саттық жасаушы мемлекеттердің өзара тәуелділік желісімен бір-бірімен тығыз байланыста болуы себепті бейбітшілікті қамтамасыз етеді. Ал бейбітшілікке қатер төндіру басқыншы мемлекеттің саудасы мен әл-ауқатына да қауіп төндіру деген мағынан бергендіктен мемлекет өзінің басқыншылық ұстанымынан бас тартады. Сондай-ақ, демократиялық режимдегі елдерде басқарушы элита рационал актор болғандықтан, сыртқы саясатқа қатысты шешімдерді ала ала көрегендікпен болжай алады. Осылайша, олар аяқ астынан басқыншылыққа себеп болуы мүмкін қисынсыз (рационалды болмаған) шешімдер қабылдамайды. Әрине, бұл теорияны сынайтын және соғыстың көбінесе қару-жарақ өнеркәсібі сияқты секторларға пайда әкелетін құбылыс екенін және жаһандық экономиканың оқтын-оқтын соғысқа мұқтаж екенін алға тартқан қарсы пікірлер де бар. Осы көзқарастардан Империализм теориясы Демократиялық бейбітшілік теориясына қарсы келіспеушіліктерін білдірген.

Демократиялық бейбітшілік теориясы бойынша бейбітшілікке жетудің жолы қандай?

Қауіпсіздік дилеммасы

Бір мемлекеттің өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әзірлеген барлық әскери іс-шаралары басқа мемлекеттердің қауіп-қатер түсінігінде де өзгерістер туғызады. Deutsch-тың нөлдік қосынды тәсілі бойынша, бір мемлекеттің қауіпсіздігін арттыруы басқа мемлекеттердің қауіпсіздігін арттырады. X мемлекеті өзінің қауіпсіздігін арттыру үшін өзінің әскери әлеуетін арттыра бастағанда, басқа мемлекеттер осы қарулануға қарсы күресе алатын және қаруланған мемлекетке қарсы тежеуші әскери әлеуетті қамтамасыз ететін мүмкіншіліктерді қарастыратын саясатты жетілдіре бастау арқылы қарулану жарысына кіріседі. Басқа мемлекеттердің әскери әлеуетінің бұлайша артуы сөзсіз X мемлекетін бұдан да көбірек қаруландыруды қажет ететін шырғалаңға итермелейді.

Көріп отырғанымыздай, бір мемлекеттің қауіпсіздік іс-шараларынан басқа мемлекеттер қауіптенеді. Бұл жағдай халықаралық саясатта қауіпсіздік дилеммасы (security dilemma) деп аталады (Jervis, 1978). Негізінде, қырғи-қабақ соғыс кезінде АҚШ пен КСРО арасында болған қауіпсіздік дилеммасының салдарынан туындаған қарулану жарысы бүкіл планетаға қауіп төндірді. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар 1960-жылдан бастап жұмсара бастауымен қару-жарақты бақылау және қарусыздану туралы келісімдерге қол қойыла бастады. Бұл келісімдердің алғашқысы болған Ядролық қарулардың қолдануына тыйым салу туралы шартқа 1963 жылы қол қойылды. Дәл сол жылы екі алпауыт держава арасында қол қойылған, 1967 жылы Ғарыш

кеңістігі туралы келісім, 1968 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шарт, 1972 жылы қол қойылған SALT I келісімі мен 1979 жылы қол қойылған SALT II келісімі КСРО-ның 1979 жылы Ауғаныстанға басып кіруі себепті жүзеге аспай қалып қойған қарусыздану келісім- шарттар қатарына жатқызуға болады. Халықаралық қатынастардың әлеуметтік конструктивистік теориясына сәйкес, қауіпсіздік дилеммасы неореалисттердің мәлімдегеніндей тек физикалық себептерден ғана емес, мемлекеттердің бір-біріне деген көзқарастарынан да туындайды.

Геосаясат және геостратегия

Қауіпсіздік саясатын дамытуда географияның орны өте маңызды. Әсіресе, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан, елдің теңізбен шектесуі немесе шектеспейуі; аралдық ел болу; ел ішіндегі биік таулар немесе асып өтуі қиын асулар; көршілес мемлекеттердің күші секілді көптеген критерийлер қауіпсіздік саясатын қалыптастыруда рөл атқарады. Геосаясат – саясатты географиялық элементтермен бірге қарастыратын академиялық зерттеу саласы. Геосаясат саясатты географиялық мүмкіндік пен шектеулер аясында бірге қарастырады. Осылайша бір мемлекеттің мүдделерін жүзеге асыру үшін қажетті оңтайлы күш элементтерін анықтауды мақсат еткен. Осы мақсаттарға жетудің жолдары мен әдістерге геостратегия деп аталады. Геосаясат әсіресе империя немесе жаһандық ауқымда ықпал ететін супердержава болғысы келетін мемлекеттер үшін өте маңызды. Бұл мемлекеттердің ұстанған жаһандық саясаты арқылы қандай географиялық аймақтарға ие болса әлемде немесе әлемнің белгілі бір аймағында үстемдік ете алатынын есептеу үшін геосаясат қажет.

Геосаясат мемлекеттің географиялық элементтерді ескере отырып жасаған саясаты, ал геостратегия болса геосаясатқа жету үшін ұстанатын жолдарды білдіреді.

Осы тұрғыда көптеген геосаяси теориялар жетілдірілді. Осы теориялардың біреуі «Жер үстемдігі теориясын» Х.Маккиндер 1904 жылы жазылған «Тарихтың географиялық принциптері» атты еңбегінде түсіндіреді. Маккиндер еңбегінде Азия, Африка және Еуропа «әлемдік аралдар» ретінде сипатталады. Дүние жүзіне үстемдік еткісі келетін мемлекет дүниежүзілік аралдың дәл ортасында орналасқан Шығыс Еуропаны жаулап алса, бүкіл әлем аралына да үстемдік етеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия ұстанған геостратегия негізінен Маккиндер сипаттаған геосаяси көзқарастың жемісі болып табылады. Негізінде, нацист Карл Эрнст Хаусхофер ойлап тапқан «Өмір сүру кеңістігі» (Lebensraum) ұғымы Германиядан Ресейге дейінгі бүкіл Шығыс Еуропаны білдіреді және күшті Германияның тек Өмір сүру кеңістігін жаулап алумен ғана құрылуы мүмкін екенін білдірді.

1944 жылы АҚШ-тың Н.Дж. Спикман әзірлеген «Айнала белдеу теориясына» сәйкес, тек Шығыс Еуропаны бақылау жеткіліксіз. Спикманның айтуынша, «әлемнің жүрегі» деп атаған Еуразияны қоршамай, бүкіл әлемге үстемдік орнату мүмкін емес. АҚШ адмиралы Альфред Махан сипаттаған «Теңіз үстемдігі теориясына» сәйкес, әлем теңіздерінде үстемдік ете алатын мемлекет бүкіл әлемді өз бақылауында ұстай алады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Англияның теңіздегі айқын басымдығы соғыстан кейін АҚШ-тың қолына өтті. АҚШ-тың теңіздегі басымдығынан кейін супердержаваға айналуы Маханның теориясын растайды.

Секьюритилендіру / Десекьюритизация (Қауіптендіру)

Барри Бузан әзірлеген секьюритилендіру тұжырымдамасы бұрын қауіпсіздік аясында қарастырылмаған мәселені қауіпсіздік мәселесі шеңберіне қарастыруды білдіреді. Осылайша, бұл мәселені қауіпсіздік мәселесі контекстінде түсіну және оны шешу үшін ерекше шаралар қабылдау заңды болады. Бұл әдетте осы мәселеге арналған жаңа тілді дамыту арқылы мүмкін болады. Мысалы, иммиграция мәселесін шешу үшін иммиграция мәселесі өзінің контекстінен тыс қауіпсіздік мәселесі ретінде сипатталады және осылайша оны шешудің кешенді саясатын әзірлеуге болады. Секьюритилендірудің арқасында қауіпсіздік мәселесі, шешім қабылдаушылардың оған мән беруіне қарай ұлғаяды. Әрі әрбір мәселе қауіпсіздік мәселесіне айналуы мүмкін. Осылайша әлгі мәселеге қатысты жылдам және арнайы шешімдер әзірленуі мүмкін. Қоршаған орта, көші-қон, әлеуметтік саясат немесе білім беру сияқты көптеген мәселелер бұрын қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастырылмаса, енді қауіпсіздік тұрғысынан осы мәселелермен байланыс орнатыла бастайды.

Бузан секьюритилендіруді сипаттады, бірақ секьюритилендірудің іс жүзінде теріс салдары болатынын да айтқан.

Копенгаген мектебі қауіпсіздікті қайтадан тар мағынада қарастырып, мемлекеттің мәңгілігіне

қатысты десекьюритизация тұжырымдамасын әзірледі. Десекьюритизация (Қауіптендіру) мемлекеттің тұтастығына қатысты шұғыл мәселелерді ғана қауіпсіздік мәселелері ретінде қарастыратын, ал одан басқа мәселелерді қауіпсіздік саласының тысына шығаруды ұсынған ұстаным болып табылады. Мемлекеттер қауіпсіздікке тікелей қатысы жоқ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы немесе табиғи ресурстар үшін күреседі, алайда, егер бұл мәселелерді мемлекетаралық ынтымақтастық арқылы қауіпсіздік мәселелерінен алып тастау мүмкін болса, бейбітшілікке қол жеткізу оңайырақ болады. Бұл жағдайда секьюритилендірудегі сияқты саяси тілдің де маңызы ерекше. Шешім қабылдаушы элита өз сөздерінде бұл мәселелерді қауіпсіздік мәселесі ретінде сипаттаудан бас тартса, онда бұл мәселелер өздігінен қауіпсіздіктің тысында қарастырылып ынтымақтастыққа ашық аймақтар әлдеқайда оңайырақ пайда болар еді. Өйткені мемлекеттер жалпы қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастырылған мәселелер бойынша басқа мемлекеттермен келіссөз жүргізгісі келмейді.

Халықаралық қауіпсіздік мәселелері үшін теориялық тәсілдер

Қауіпсіздік мәселелері халықаралық саясаттың ең негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. Әрбір дерлік теория қауіпсіздік мәселесіне ерекше мән береді. Әсіресе реализм және оның түрлері қауіпсіздікке ең қатты мән беретін теориялар болып табылады. Реализмге қарсы либералды институционалистер, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халықаралық институттардың ынтымақтастығына және қауіпсіздіктің негізгі мәселелерін шешу үшін күшті ынтымақтастық механизмін жетілдіруге назар аударды. 1990 жылдардан кейін халықаралық саясат зерттеулерінде өте ықпалды болған Конструктивистік теория қауіпсіздіктің физикалық элементтері сияқты нормалар, құндылықтар және кімдік, бірегейлік сияқты физикалық емес ұғымдардың да маңыздылығын атап өтті.

Реалист Қауіпсіздік түсінігі

Классикалық реализм бойынша күш пен қауіпсіздік арасында тікелей байланыс бар. Күшке ие болғысы келген мемлекет осы күшке қол жеткізген кезде өзінің қауіпсіздік қажеттіліктерін өтеуге барлық мүмкіндіктерге ие болады. Шындығында, Моргентау мемлекет қайраткерінің ең негізгі міндеті - өз мемлекетінің өміршеңдігін сақтап қалу екендігін атап айтқан. Олай болса, мемлекет қайраткері өз мемлекетін барынша күшті етуге тырысуы керек, қажет болған жағдайда этикалық принциптерге көз жұмып, өз мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Тіпті, классикалық реализм бойынша, егер соғыс ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін болса, онда соғыс жүргізілуі керек. Соғыстың тысында, тежеу саясаты да қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды стратегия болып саналады.

Классикалық реализм бойынша қауіпсіздіктің эталондық объектісі мемлекет болып табылады және мемлекеттер бір-бірінен қорқады. Бұл қорқыныштың себептері теория бөлімінде егжей-тегжейлі қарастырылды. Экзистенциалды себептерге байланысты мемлекеттің нашар сипаты бар деген ой осы қорқыныштың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Мирсхаймер айтқандай, бұл қорқыныш мемлекеттердің басқа мемлекеттерден келетін қауіп-қатерлерді үнемі болжауға ұмтылуын тудырады. Бұл болжау процесінде мемлекеттер өзіне-өзі көмек көрсету принципіне байланысты басқа мемлекеттердің немесе одақтас блоктардың күштеріне сене алмайды. Эдвард Карр да мемлекеттердің мүдделері ешқашан бір-бірімен үйлеспейтінін, сондықтан да олардың арасындағы бәсекенің ешқашан жойылмайтынын айтқан. Олай болса, классикалық реализмге сәйкес, мемлекеттер өмір сүру үшін қарулануы және кез келген сәтте соғысқа дайын болуы керек. Бұл реализмнің анархиялық халықаралық жүйе ұсынысының табиғи салдары. Реализм, өзін-өзі қамтамасыз ету принципіне сәйкес әрбір мемлекет өзінің қауіпсіздік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті күшті болуы керек деп тұжырымдайды.

Неореализм, классикалық реализмге қарағанда, қауіпсіздік мәселесіне әлдеқайда ерекше мән беріп, мемлекеттердің негізгі мақсаты күш пен пайдаға қол жеткізу емес, олардың қауіпсіздігін жүзеге асыру деп тұжырымдайды. Уолтцтың классикалық реализмнің күшке қол жеткізуін қауіпсіздікке қол жеткізуге айналдыруының ең маңызды себебі – күшке қол жеткізу барысындағы қарулану қауіпсіздік дилеммасын тудырады деген ой. Неореализмнің қауіпсіздікке қатысты тағы бір маңызды дәйегі, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі БҰҰ немесе НАТО сияқты институттардың рөліне қатысты. Либерал теориялар бұл институттардың пайда болуын мемлекеттердің қауіпсіздік тақырыбында ынтымақтасуымен түсіндірсе, Неореалистер, бұл институттар бұрыннан бар анархияны бір ереженің аясына алғаннан басқа ешнәрсе емес екендігін

айтады. Ал осы институттардың қалай жұмыс істеу керектігі туралы ережелерді жүйеге гегемон мемлекет белгілейді және басқа мемлекеттердің өзі белгілеген ережеге мойынсұнуын талап етеді. Осылайша гегемон мемлекет осы институттардың арқасында тұрақты халықаралық жүйе қалыптастырады. Бұл тұрақтылық гегемон күш әлсірегенше жалғасады. Гегемонның әлсіреуі мен жаңа державаның гегемон ретінде аренаға шығуы арасындағы уақыт әдетте қызу соғыс пен қақтығыс кезеңі болып табылады.

Реалистік көзқарастарға сәйкес, мемлекеттердің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын қиындататын факторлар бар. Бұл факторлардың біріншісі – мемлекеттердің алданып қалу үрейі. Мемлекет басқа мемлекеттерге сенбейді, басқа мемлекеттердің ынтымақтастық ұсыныстарына әрқашан күдікпен қарайды. Әрине, мемлекеттер арасында көптеген одақтар мен пактілер бар. Дегенмен, мемлекеттер бұл ынтымақтастықтардың кез келген уақытта өздеріне қарсы жұмыс істеу мүмкіндігін назарға алмай, балама саясаттарды жетілдіруден тартынбайды. Ынтымақтастықты қиындататын екінші фактор – мемлекеттердің абсолютті пайдаға қарағанда салыстырмалы түрде көбірек пайда табуға бейім болуы (Baylis, 2008: 74). Мемлекет бұл ынтымақтастықтың түптеп келгенде бүкіл халықаралық жүйеге беретін пайдасынан гөрі, мұндай ынтымақтастықтың өз пайдасына әкелетін оң игілігіне көбірек көңіл бөледі. Мемлекет халықаралық жүйенің ортақ игілігіне жиі пайда әкелетін саясаттан гөрі өз пайдасына аз ғана пайда әкелетін саясатты артық көреді.

Копенгаген мектебі деп аталатын қозғалысқа жататын реалист жазушылар, керісінше, Моргентхау немесе Уолтц жақтаған пессимистік көзқарастың кейбір тұстарына жетілген анархия деп аталатын жаңа тұжырымдамамен қарсылық білдіреді. Жетілген анархия - халықаралық жүйеде кейбір мемлекеттердің басқаларға қарағанда өркениетті қарым-қатынастарды дамытуға бейім болуы. Копенгаген мектебінің мүшесі Барри Бузан жоғары билік болмаған кезде бұл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар анархиялық болмысын жалғастыра беретінін, бірақ сипаты тұрғысынан басқа мемлекеттердің өзімшіл қатынастарынан ерекшеленетінін айтады (Buzan, 1991: 208). Бузанның пікірінше, Швеция, Норвегия, Дания сияқты Скандинавия елдерінің арасындағы қарым-қатынасты жетілген анархия ұғымымен түсіндіруге болады. Бузанның пікірінше, бұл мемлекеттерде қауіпсіздік тек ұлттық мәселе ғана емес, бүкіл әлемді толғандыратын халықаралық мәселе деген эволюциялық түсінік қалыптасқан. Алайда, анархия өзінің барлық жетілген, кемел сипатына қарамастан, мемлекеттердің ең алдымен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар қабылдау қажеттілігін де күн тәртібінен тастамайды. Бузан осы жетілген, кемел анархияның арқасында жоғарыда аталған мемлекеттер өздерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аймақтық қауіпсіздік бастамаларына қатысуға ашық болды деп сендіреді.

Жетілген анархия, анархияның жоқтығын білдірмейді. Кейбір мемлекеттер анархияға қарамастан, өз араларындағы ынтымақтастықты жақсарту алатын саяси эволюцияға қол жеткізгенін айтады.

Қауіпсіздіктің либералдық тұжырымы

Либералдық тәсілдер де мемлекетті қауіпсіздік мәселелерінің негізгі сипаттаушы объектісі ретінде қарастырады. Алайда либералдық тәсілдер реализмге қарағанда бейбітшілікті қалаған нормативтік көзқарасқа ие. Бұл тұрғыда олар институттардың маңыздылығына назар аударады. Өзара тәуелділік мемлекеттің іс-қимылын анықтайды деген либералдық ұстаным (Moravcsik, 1997: 520) мемлекеттердің өзара ынтымақтасуы арқылы халықаралық жүйенің әлдеқайда бейбітшілікке кейіпке енетінін айтуда. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттер бір-біріне қаншалықты тәуелді болса, соғұрлым соғыс қаупі азаяды.

Өзара тәуелділік көбінесе экономикалық қатынастардың қарқындылығын білдіреді. Герберт Спенсер және Джон Стюарт Милл сияқты либерал ойшылар халықтар байлыққа тек көбірек сауда жасау арқылы қол жеткізуге болады деп мәлімдейді. Сауда-саттықтың өте жоғары деңгейде болуы халықтарды өзара тәуелді етеді, сондықтан ешбір мемлекет өте жоғары тәуелділікте болатын басқа мемлекетпен, тіпті өз пайдасы үшін де соғысуға жол бермейді. Осылайша, бейбітшілік мемлекеттердің ең көп қалаған нәрсесіне айналады. Қауіпсіздік пен бейбітшілік арасында өте тығыз байланыс бар екенін айтқан либерал көзқарастар, мемлекеттің негізгі саясаты күш немесе қауіпсіздік саясаты емес, экономикалық саясат екенін алға тартады.

Либерал институционализм 20 ғасырдың екінші жартысында реализмге балама теория ретінде дамыды. Кеокан мен Найдның пікірінше, Реализмнің «бір-бірімен күшке таласқан мемлекеттер және ең маңызды ұғым ұлттық қауіпсіздік» деген тұжырымы дұрыс емес. Олар, барлық мемлекеттер халықаралық саясатты жасау үдерісіне тікелей қатыса алатын, арасында ешқандай

иерария болмаған және күш қолдану тиімсіз саясатқа айналған халықаралық жүйені құруға болатынын айтады. Либерал институционализм бойынша халықаралық институттар арқылы құрылатын халықаралық қауымдастықтың арқасында бейбіт түрде өмір сүру мүмкін болады. БҰҰ, ЕО және Дүниежүзілік банк сияқты институттардың арқасында дипломатия мен халықаралық құқықтың мәселелерді бейбіт жолмен шешуге әсері арта түседі, осылайша мемлекеттер өз мәселелерін жұмсақ күш әдістерімен шеше бастайды......

Реалист қауіпсіздік пен либерал қауіпсіздік түсініктерінің арасындағы негізгі айырмашылық қандай?

Қауіпсіздік қоғамдастығы

1957 жылы Карл Дойч басып шығарған «Саяси қауымдастық және Солтүстік Атлантикалық аймақ» атты еңбекте соғыстың негізінен өзара сенімсіздіктен туындағаны айтылады. Барлығы бір-бірін «біз» деген қауымдастық пайда болғанда ғана бұл сенімсіздікті жеңуге болады. Әрбір адамның басқасының қадамын күні бұрын болжай алғандықтан басқаларына сеніммен қараған қоғамға Deutsch «қауіпсіздік қоғамдастығы» деген. Қауіпсіздік қоғамдастығы институттар мен көзқарастар ортақ болатын интеграциялық жоба арқылы құрылуы мүмкін. Deutsch-тың пікірінше, бұл интеграция екі түрлі болуы мүмкін: біртұтас қауіпсіздік қоғамдастығы және қауіпсіздіктің плюралистік қоғамдастығы.

Бірыңғай қауіпсіздік қоғамдастығы мемлекеттер өздерінің барлық егемендік құқықтарын жоғары билікке берген кезде пайда болады. Плюралистік қауіпсіздік қоғамдастығы, керісінше, бүгінгі ЕО мысалында көрінгендей, мемлекеттердің интеграциясы барлығының егемендігі сақтап қалған қоғамда көрініс табуда. Елу жылдан астам уақыт бойы бір-біріне дұшпандық көзқарас танытпаған еуропалық мемлекеттер қауіпсіздік қоғамдастығын қалыптастырғанын мойындасақ, ЕО мысалы Дойчтың пікірінің дұрыстығын дәлелдейді. Негізінде, әсіресе 1990 жылдардан бастап әлемде пайда болған интеграциялық үрдістер қауіпсіздік қоғамдастығын қалыптастыруда үлес қосқан секілді бейбітшілікке де қызмет етуде.

Дойчтың пікірінше, мемлекеттер емес, қоғамдардың өзара қарым-қатынастарды жетілдіруі бейбітшілік үшін әлдеқайда жақсы нәтиже береді. Осы себепті қауіпсіздікті мемлекеттің қауіпсіздігі ретінде емес, қоғамдардың қауіпсіздігі ретінде қабылдау керек. Бұл көзқарасқа сәйкес, проблемаларды зорлық-зомбылықсыз әдістермен шешуге болатын қауіпсіздік қоғамдастығы пайда болған кезде ғана нақты қауіпсіздік туралы айтуға болады.

Дойч, 1950 жылдары Еуропада пайда болған интеграция Еуропалық мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтан гөрі Еуропалық қауымдастықтар арасындағы сенім мен түсіністік процестері арқасында дамыды деп санайды.

Копенгаген мектебі және қауіпсіздік

Қырғи қабақ соғыстан кейін жаңа қауіпсіздік түсінігі аясында жұмыс істеген Барри Бузан және Оле Уэвер сияқты ойшылдардың академиялық зерттеулері Копенгаген мектебі деп атала бастады және бұл зерттеулер 2008 жылы CAST деп аталатын институт арқасында құрылымдық болмысқа айналды.

Копенгаген мектебі, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропада қалыптаса бастаған қауіпсіздік қоғамдастығы, ғасырлар бойы мемлекеттер арасында көптеген соғыстарға себеп болған мәселелердің соғыстан кейінгі десекьюритизация арқасында болғанын айтуда. Франция мен Германия, Рур аймағындағы өнеркәсіп нысандарына ие болуды ұзақ жылдар бойы қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастырды. Егер екі мемлекеттің біреуі бұл аймаққа жалғыз иелік ететін болса, екінші мемлекет үшін үлкен қатер тудыруы мүмкін еді. Аймақты толық иемденген мемлекет осы өнеркәсіп орындарының арқасында қару-жарақ өнеркәсібін қарқынды дамытып, басқа мемлекетке шабуыл жасау үшін үлкен артықшылыққа ие болар еді. Осы себепті Германия мен Франция талай рет соғысып, Рур аймағына ие болуға тырысты. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия канцлері Конрад Аденауэр мен Франция премьер-министрі Роберт Шуман Германия Федеративтік Республикасы мен Францияда болат пен көмір өндірісін реттейтін біртұтас мекеме құру туралы келісімге келді. Осы мақсатта екі мемлекеттің, сондай-ақ Италия, Нидерланды, Бельгия және Люксембургтің қатысуымен Еуропалық көмір және болат ұйымы (ECSC) құрылды. Осылайша өндіріс орны қауіпсіздік мәселесінден ынтымақтастық арқылы алты мемлекеттің гүлденуі мен әлауқатының негізін қалаушыға айналды. Уивер, бұл мәселені десекьюритизацияға маңызды мысал ретінде келтіреді.

Копенгаген мектебі қай мәселенің қауіпсіздік мәселесі болатынын және қайсысы қауіпсіздік мәселесі болмайтынын таңдауға байланысты екенін алға тартады. Копенгаген мектебі бұл іріктеу процесінде саяси билікке ерекше мән береді. Саяси билік әсіресе бір мәселеге қаржы аудару керек болса, оны қауіптендіреді. Осылайша осы бағытқа ақша аудару қоғам алдында заңдастырылады. Бұл қауіптендіру әрекеті «сөйлеу актісімен» (speech act) жүзеге асады. Сөйлеу актісі тұжырымдамасы Копенгаген мектебінің қауіпсіздікті зерттеу саласына қосқан маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Сөйлеу актісі, бір нәрсенің болуы үшін оны білдіру қажеттілігін анықтайды.

Сөйлеу актісін келесі мысалмен түсіндіре аламыз: Неке тек некені қиюшы немесе некені тіркеуші өкілетті тұлғаның «сендерді ерлі-зайыптылар деп жариялаймын» деген кезде ғана мүмкін болады. Осы сөз айтылғанда ерлі-зайыптылар неке институтына байланысты көптеген әлеуметтік, моральдық және құқықтық нәтижелерден туындайтын салдарға жауапты болады. Тағы бір мысал, ат қою рәсімі. Балаға ат қою сол балаға азан шақырып ат қою арқылы ғана жүзеге асады. Бір рет азан шақырылып ат қойылғаннан кейін әлгі баланың қазір есімі бар және мұның көптеген әлеуметтік, мәдени және құқықтық салдары бар. Дәл осылайша қандай да бір мәселе сөйлеу актісімен қауіпсіздік мәселесі болып табылады.

Саяси билік қаржы аударғысы келетін нақты бағытты, тақырыпты таңдайды және оларды қауіпсіздік мәселесі ретінде сипаттауға кіріседі. Қоғам да құзырлы орган қауіпсіздік мәселесі ретінде анықтаған мәселеге үлкен мән беріп, сол мәселеге ақша жұмсауды заңды деп қабылдайды.

Әлеуметтік конструктивистік қауіпсіздік ұстаным

Халықаралық қатынастардың әлеуметтік конструктивистік теориясына сәйкес халықаралық саясаттың құрылымы физикалық емес, әлеуметтік. Сондықтан халықаралық саясаттың мақсаты бар болған құрылымды түсіндіру емес, оны түсіну болуы керек. Әлеуметтік конструктивистік қауіпсіздік дилеммасына ерекше көңіл бөледі. Жоғарыда айтылғандай, қауіпсіздік дилеммасы екі мемлекеттің біреуінің қарулануына екіншісі одан да көбірек қарулану арқылы тепе-теңдік сақтауға тырысуы; алайда бірінші мемлекет артықшылыққа ие болу үшін қайтадан қаруланып, қарулану мәселесін ішінен шыға алмайтын тұйыққа тірейді. Осы тұрғыда әлеуметтік конструктивистік теория қауіпсіздік дилеммасы тек қару санын қысқартуға болатын физикалық себептерден туындамайды деуде.

Мемлекеттің басқа мемлекетке қарсы қарулануының негізгі факторы – басқа мемлекеттің қолындағы қару саны емес, сол мемлекетті «жау» ретінде қабылдап қабылдамауында. Мысал келтіретін болсақ, АҚШ тұрғысынан Ұлыбританияның қанша ядролық қаруы бар екендігі туралы мәселе қауіпсіздікке төнген қатер ретінде қабылданбайды. Ұлыбританияның көбірек ядролық қаруға ие болу әрекеті АҚШ-қа өзінің ядролық қаруын көбейту қажеттілігін туғызбайды және бұл қауіпсіздік дилеммасына себеп болмайды.

Дегенмен, Иранның ядролық қаруға ие болуы ғана емес, тіпті осы қаруды жасай алатын технологияны жетілдіруі де АҚШ тарапынан қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылданады. АҚШ бұндай ықтималға қарсы өзінің ұлттық қауіпсіздік саясатын реттейді және сақтық шараларын алады. Бұл жағдай АҚШ-тың көбірек қарулануына және нәтижесінде екі мемлекет арасындағы қауіпсіздік дилеммасының тууына себеп болады. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттердің бір-бірін дос, жау немесе бәсекелес ретінде қабылдаулары олардың арасындағы қарым-қатынастың қауіпсіздік өлшемін анықтайды. Осы үш қабылдау да мемлекеттің болмысымен тікелей байланысты. Мемлекеттер де халықаралық құрылым ішіндегі адамдар сияқты бірегейлікке ие және осы бірегейліктер олардың қай мемлекеттерді дос, қайсысын жау, қайсысын бәсекелес ретінде қабылдайтынын анықтайды.

Әлеуметтік конструктивистік теорияға сәйкес қауіпсіздік мәселесі объективті себептермен емес, субъектіаралық өзара әрекеттесу арқылы анықталады. Барлық субъектілердің бір-бірімен ықпалдастығы жүйені тудыратыны сияқты, жүйе де субъектілердің ойлары мен нормаларын қалыптастыруда да басты роль ойнайды. Қарапайым тілмен айтсақ, қоғамдағы қарым-қатынас, көшбасшылардың дискурстары, білім беру процестеріміз, діни немесе философиялық нанымдарымыз, БАҚ немесе мораль туралы қабылдауымыз біздің қауіпсіздік мәселесі ретінде қай мәселені таңдап, таңдамайтынымызды анықтауда маңызды факторы болып табылады.

Әлеуметтік конструктивистік теорияға жүйені қалыптастыратын субъектіаралық өзара әрекеттесу болып табылады. Бірақ сонымен бірге жүйе де субъектілерге әсер етеді.

Өзімізді сынайық

1. Карл фон Клаузевиц соғыстың қай түрін идеалды соғыс ретінде сипаттаған?
 - a. Жалпы, тотальды шайқас
 - b. Абсолютті соғыс
 - c. Найзағай, жылдам шайқас
 - d. Майдан шайқасы
 - e. Шабуыл шайқасы

2. Қоғамда зорлық-зомбылықтың шығуына себеп болатын факторлардың болмауы бейбітшіліктің қай түрін сипаттайды?
 - a. Позитивті бейбітшілік
 - b. Негативті бейбітшілік
 - c. Абсолютті бейбітшілік
 - d. Ішкі бейбітшілік
 - e. Әлеуметтік бейбітшілік

3. Мемлекеттің географиялық факторларды ескере отырып ұстанған сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатына қатысты жетілдірген әдіс-тәсілдерін қалай атайды?
 - a. Геосаяси
 - b. Гидростратегия
 - c. Геостратегия
 - d. Әлеуметтік Саясат
 - e. Reel Politika

4. Неореалистер мемлекеттің басты саясаты не болу керек деуде?
 - a. Күш саясаты
 - b. Экономикалық саясат
 - c. Энергетикалық саясат
 - d. Қауіпсіздік саясаты
 - e. Қоршаған орта саясаты

5. Қайсысы жұмсақ күшке жатпайды?
 - a. әскери күш
 - b. дипломатиялық күш
 - c. мәдени байланыстар
 - d. сауда-саттық
 - e. гуманитарлық көмек

6. Төмендегінің қайсысын «сөйлеу актісі» (speech act) ретінде сипаттауға болады?
 - a. Грецияға тиесілі аралдарда ракета қондырғыларын орналастыру Түркия тарапынан қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы.
 - b. шекаралас мемлекеттің шекараға әскер шоғырландыруы қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы
 - c. қырғи қабақ соғыс кезінде КСРО армиясындағы әскер санының артуы АҚШ тарапынан қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы
 - d. көрші мемлекеттің ядролық зымыран технологиясын жетілдіруі қауіпсіздік

тақырыбы ретінде қабылданады

- e. қоршаған ортаның қауіпсіздік тақырыбы ретінде қабылдануы
- 7. Қандай халықаралық ұйым ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өкілетті?
 - a. NATO
 - b. Comecon
 - c. БҰҰ
 - d. Варшава пакті
 - e. Балкан Антантасы
- 8. Төмендегілердің қайсысы қауымдық қауіпсіздік қатарына жатады?
 - a. әлеуметік қауіпсіздік жүйесінің күйреуі
 - b. елдегі ядролық станциядан радиацияның сыртқы тарауы
 - c. ғимараттардың жер сілкінісіне төтеп бере алмайтындай түрде салынуы
 - d. көрші елдің соғыс жариялауы
 - e. ана тілінде сөйлеуге тиым салынуы
- 9. НАТО-ны қандай қауіпсіздік категория сыныбына жатқызуға болады?
 - a. ұлыс қауіпсіздігі
 - b. қоршаған орта қауіпсіздігі
 - c. аймақтық қауіпсіздік
 - d. адам қауіпсіздігі
 - e. ұжымдық қауіпсіздік
- 10. Төмендегі мемлекеттердің қайсысы адам қауіпсіздігін сыртқы саясаттың принципі ретінде қабылдаған?
 - a. АҚШ
 - b. Ресей Федерациясы
 - c. Аргентина
 - d. Жапония
 - e. Бразилия

Өзімізді сынайықтың жауап кілттері

- 1. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 2. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 3. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 4. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 5. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 6. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 7. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 8. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 9. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.

10. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.

Кезек сізде жауап кілттері. Кезек сізде 1

Қауіпсіздік - бұл мемлекет, қоршаған орта, қоғам, адам секілді т.б. анықтама нысанына бағытталған экзистенциалды қауіппен күресу үшін әзірленген шұғыл әрі арнайы шаралар кешені. Анықтамалық нысанның өміріне, тұрмыс-тіршілігіне немесе тұрақтылығына қауіп төнген кезде, қауіп-қатерді жою немесе қауіп пайда болған кезде қауіп төндірушіні тежеу үшін қолданылатын шаралар қауіпсіздіктің тақырыбын құрайды.

Кезек сізде 2

Демократиялық бейбітшілік теориясы екі демократиялық мемлекет бір-бірімен соғыспайды деп мәлімдейді. Бұл демократиялық мемлекеттер соғыспайды деген сөз емес. Демократиялық мемлекеттердің демократиялық емес мемлекеттермен жиі соғысатыны байқалған. Демек, демократияны әлемде кең тараған басқару формасына айналдыру соғыстардың азаюына себеп болады. Осы тұрғыдан алғанда, әлемде демократияны таратуға бағытталған күш-жігерді халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекеттері деп те түсінуге болады.

Кезек сізде 3

Реализм бойынша қауіпсіздіктің анықтама нысаны мемлекет болып табылады. Классикалық реализм бойынша мемлекеттер өз мүдделерін жүзеге асыру үшін күшке ұмтылады, сондықтан қарулануға тура келеді. Неореализм бойынша да мемлекеттердің қауіпсіздік саясаты ең маңызды саясат болып табылады. Либералдық ұстаным да қауіпсіздіктің анықтама нысаны мемлекет екенін қабылдауда. Мұны қабылдай отырып, олар қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолы экономика арқылы болады деп пайымдайды. Мемлекеттер арасындағы сауданың артуы өзара тәуелділікті тудырады және мемлекеттер бір-біріне шабуыл жасай алмайтындай жағдайға келеді. Тағы бір маңызды айырмашылық

- реалистер мемлекет өз қауіпсіздігін өздері қамтамасыз ету керек деп есептесе, либералдар халықаралық институттар қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді рөл атқаруы керек деп санайды.

Кезек сізде 4

Ұлттық қауіпсіздік, халықаралық жүйеде орын алған анархияға байланысты мемлекеттердің қауіпсіздік саясатында ынтымақтасуына әртүрлі кедергілер болады деген пайымдауға сүйене отырып, мемлекеттер өзіне-өзі көмек көрсету принципіне сәйкес өз қауіпсіздігін өзі қамтамасыз етуі керек деген ұстанымды жақтайтын көзқарас.

Ұлттық қауіпсіздік сияқты аймақтық қауіпсіздікті реалист ойшылдар әзірледі. Алайда, мұндағы ең басты айырмашылық; Бұл Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы немесе Кариб теңізі сияқты әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі мемлекеттер бір-бірімен кейбір қауіпсіздік кешендерін әлдеқайда оңайырақ орната алады деген көзқарас. Аймақтар, халықаралық жүйе сияқты, жоғары билік болмаған кезде анархиялық құрылымға ие. Дегенмен, аймақтық мемлекеттер географиялық жақындығына байланысты қауіпсіздік бағытында ортақ алаңдаушылықтары бар. Сондықтан бұндай анархия шағын анархия болып табылады және аймақ мемлекеттерінің қауіпсіздік мақсатында бір-бірімен ынтымақтасуына кедергі болар тосқауылдар аз. Осы себепті мемлекеттер ең алдымен өз аймақтарындағы қауіпсіздік кешендерінің құрамына кіруді қалайды. Нақтырақ айтсақ, 1990 жылдардан бастап аймақтық қауіпсіздік кешендерінің саны айтарлықтай өсті.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары

1.Халықаралық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің иерархиясының (дәстүрлі және қазіргі заманғы) пирамидаларының көрінісін бейнелеп беріңіздер.

2-деңгейдің сұрақтары

1.Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары қандай?
2. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі заманғы механизмдерінің кемшілігі неде деп ойлайсыздар?

3-деңгейдің сұрақтары

1. Қазақстан Республикасына сырттан төнетін қауіптерді атаңыздар.
2. Қазақстан және аймақтық қауіпсіздік жүйелері деген тақырыпқа сараптамалық жұмыс орындаңыздар.

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясаттың демократиялану үдерісі.

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты теориялар.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Vııottı, M. V. Kauppı. 5.Yumusak guç kavramı ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar